Медиация – бұл тәуелсіз тұлға медиатордың көмегімен жүзеге асырылатын тараптарды татуластыру рәсімі. Судьядан айырмашылығы, медиаторға билік өкілеттігі берілмейді: ол үкім шығармайды және шешім шығармайды.

ҚР «Медиация туралы» заңының 10-бабына сәйкес медиатор медиация жүргізу кезінде медиация тараптарының келісуімен ғана әрекет етуге; медиация басталғанға дейін медиация тараптарына оның мақсаттары мен қағидаттарын, оны жүргізу тәртібін, тараптар мен медиатордың құқықтары мен міндеттерін, дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісім жасасудың тәртібі мен құқықтық салдарын түсіндіруге; тараптарға талқыланатын мәселелер бойынша құжаттармен, мәліметтермен және хабарлармен дәйекті түрде алмасуда жәрдемдесуге; медиация тараптарын өзінің кәсіби тәжірибесі мен құзыреті туралы хабарлар етуге; медиатордың жеке мүдделері мен

оның медиация жүргізу кезіндегі міндеттері арасында бейтараптығына және тәуелсіздігіне әсер етуі мүмкін қайшылықтар болған жағдайда, сондай-ақ оның қатысуын болғызбайтын немесе оның медиацияға қатысуын тоқтатуды талап ететін басқа да мән-жайлар болған кезде медиацияны тоқтатуға; ҚР Үкіметі айқындайтын қағидалар бойынша, медиаторларды даярлау бағдарламасы бойынша өзінің кәсіби деңгейін ұдайы арттырып отыруға міндетті.

Медиация – бұл өз уақытын, жүйкесін және беделін бағалайтындар үшін таптырмас құрал. Ол бізге қажықтың тығырыққа тірелмейтінін, бірақ ынтымақтастық шарттарын қайта қарап, қарым-қатынастың жаңа деңгейіне шығу мүмкіндігін үйретеді. Құқықтық прогреске ұмтылатын мемлекетте медиация салтауы азаматтық қоғамның іргетасына айналады, онда даулар биліктің күшімен емес, келісімнің күшімен шешіледі.

С.ЖУМАШКИНА,  
Ақтоғай аудандық сотының судьясы  
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

## КІЕ

# РУХАНИ ТҰТАСТЫҚТЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Мемлекеттік тіл – ұлттық болмыстың ең басты тірегі, рухани тұтастықтың темірқазығы. ҚР Конституциясында қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде бекітілген. Бұл – тілдің тек ресми мәртебесі емес, оның ел өміріндегі маңызының заңдық деңгейде мойындалуы.

Қазақ тілі – мемлекеттің символы. Елдің Туы, Елтаңбасы, Өнұраны қандай маңызды болса, мемлекеттік тіл де сондай қасиетті. Қазақ тілі арқылы мемлекет өз саясатын жүргізеді, заңдарын қабылдайды, ішкі және сыртқы қатынастарын жүзеге асырады. Барлық мемлекеттік органдардың құжаттары мен ресми хаттары, сот істері және ресми шаралары қазақ тілінде жүргізілуі тиіс. Бұл заңда да, қоғамдық санада да орныққан норма.

Алайда, біз мойындауымыз керек: ұзақ жылдар бойы қазақ тілі кеңес дәуірінде орыс тілінің көлеңкесінде қалып қойды. Кеңестік кезеңде орыс тілі «ұлттаралық байланыс тілі» деп аталып, іс жүзінде мемлекеттік қызметте, ғылымда, өндірісте, тіпті тұрмыста да үстемдікке ие болды. Осы себепті қазақ тілінің қолдану аясы тарылып, әсіресе қалалық жерлерде қазақша сөйлеу сирек құбылыс болды.

Қазіргі жағдай қандай? Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ тілін дамыту бағытында көптеген шаралар қолға алынды. Мемлекеттік бағдарламалар, тіл үйрету орталықтары ашылды, мектептер мен балабақшаларда қазақ тіліндегі білім беру күшейді. Жаңадан туған буын қазақ тілінде ойлап, қазақша сөйлейді, бұл – үлкен үміт. Бүгінде қазақ тіліне деген сұраныс артып келеді. Телевиденде, әлеуметтік желілерде, әдебиетте, ғылымда тіл қолданысы кеңейіп жатыр. Жас буынның қазақ тілінде еркін сөйлеуі – болашаққа деген сенім. Қазақ тілін бақытты ететін – қазақтың өзі.

Қорытындылай айтқанда, мемлекеттік тіл – елдің айнасы, тарихтың жадында қалған құндылық, ұрпақтың аманаты. Қазақтың баласы қазақша сөйлесемесе – тіл жоғалады, ал тіл жоғалса – халықтың рухы жойылады.

Әлия ЕРҒАЛИЕВА,  
Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы

## ҚЫЗМЕТ

# НЕГІЗГІ ҚҰЖАТ

Сот отырысының хаттамасы – сот процесінің негізгі құжаты. Оның сапасы сот шешімдерінің заңдылығына тікелей әсер етеді. Тәжірибе көрсеткендей, хаттаманы жүргізуде бірнеше типтік қателіктер жиі кездеседі.

Тараптардың маңызды дәлелдері немесе сұрақтарға жауаптары хаттамада толық көрсетілмеуі мүмкін. Мұндай кемшіліктер сот шешімінің заңдылығына теріс әсер етуі мүмкін. Бұл апелляциялық немесе кассациялық сотта қарауға қиындық тудырады.

Соттың сұрақтары немесе нұсқаулары толық жазылмауы

материалдардың толық еместігіне әкеледі. Қатысушылардың сөйлеу уақыты хаттамада көрсетілмесе, жазбаны тыңдау немесе қарау қиынға соғады.

Қысқаша хаттама арқылы нақты уақытты белгілеу дыбыс/бейнежазбаны қарауды жеңілдетеді. Құрылғыларды тексермеген жағдайда дауыс жазбалары мүлдем болмай қалуы мүмкін. Бұл

маңызды дәлелдердің жоғалуына әкеледі.

Егер дыбыс-бейнежазба істен шықса, сот хатшысы міндетті түрде дәстүрлі жазбаша хаттама жүргізуі қажет. Хаттама жүргізілмеген жағдайда сот актілері жарамсыз болып, күшін жояды.

Қатысушылардың хаттамаға қол қоймауы немесе тізімнің



толық болмауы формальды құқықбұзушылық болып саналады.

Әрбір сот хатшысы өз әрекетіне жауапты қарап хаттаманы толық және дұрыс жүргізуге

міндетті. Судья сот отырысынан кейін дыбыс-бейнежазбаларды тыңдайды және қажет болса хаттаманы салыстырады.

Бұл тәжірибе көрсеткендей, хаттама толық болмаса немесе жүйе істен шықса, сот шешімдерінің күшін сақтау қиынға соғады. Сот хаттамасын дұрыс жүргізу сот процесінің әділдігі мен ашықтығын қамтамасыз етеді.

Дина СМАГУЛОВА,  
Көкшетау қаласы мамандандырылған тергеу сотының бас маманы - сот отырысының хатшысы

ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН

АСА АУЫР ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕРДІҢ ҚАРАЛУ ТӘРТІБІ

ҚР Қылмыстық кодексінің 11-бабының 5-бөлігіне сай жасалған қылмыс үшін осы кодексте он екі жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру немесе мұндай бас бостандығынан айыру түріндегі аса көзделген мұндай қасақана жасалған іс-әрекеттер аса ауыр қылмыстар деп танылады.

Қылмыстық-процестік кодекстің 308-бабына сәйкес, қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери соттардың соттылығына жатқызылған істерді қоспағанда, қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың соттылығына ҚР Қылмыстық кодексінің көзделген аса ауыр қылмыстар туралы, 116 (екінші және үшінші бөліктерінде), 146 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 249 (екінші бөлігінде), 317 (төртінші бөлігінде), 335 (төртінші бөлігінде), 337 (төртінші және алтыншы бөліктерінде), 345-1 (төртінші бөлігінде), 346 (бесінші және алтыншы бөліктерінде)-баптарында көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істер жатады.

ҚПК-нің 52-бабына сәйкес, бірінші сатыдағы соттарда қылмыстық істерді қарауды – судья жеке-дара, ал аса ауыр қылмыстар бойынша:

- 1) төтенше ахуал жағдайларында және жаппай тәртіпсіздіктер барысында жасалған адам өлтіру;
- 2) бейбітшілікке және адамзат қауіпсіздігіне қарсы, конституциялық құрылыс негіздеріне және мемлекет қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар;
- 3) террористік және экстремистік қылмыстар;
- 4) соғыс уақытында немесе ұрыс жағдайында жасалған әскери қылмыстар;
- 5) қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыстар;
- 6) кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы аса ауыр қылмыстар туралы істерді қоспағанда, айыпталушының өтінішхаты бойынша сот алкабилердің қатысуымен бір судья және он алкаби құрамында жүзеге асырады.

ҚР Қылмыстық кодексінің 116

(екінші және үшінші бөліктерінде), 125 (үшінші бөлігінде) 1) тармағында), 128 (төртінші бөлігінде) 1) тармағында), 132 (бесінші бөлігінде), 135 (төртінші бөлігінде) 1) тармағында), 146 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 160, 163, 164 (екінші бөлігінде), 168, 249 (екінші бөлігінде), 317 (төртінші бөлігінде), 335 (төртінші бөлігінде), 337 (төртінші және алтыншы бөліктерінде), 345 (төртінші бөлігінде), 345-1 (төртінші бөлігінде), 346 (бесінші және алтыншы бөліктерінде), 380-1 (екінші бөлігінде) 6) тармағында)-баптарында көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істерді де айыпталушының өтінішхаты бойынша сот алкабилердің қатысуымен бір судья және он алкаби құрамында қарайды.

Қылмыстық істі алкабилердің қатысуымен қарау туралы өтініш білдіру тек сотталушының құқығы. Яғни, прокурор, жәбірленуші, адвокат істі алкабилердің қатысуымен қарау туралы өтініш бере алмайды. Сотталушы алкабилерді таңдау құқығын тергеуде немесе сотта алдын ала тыңдау кезінде жүзеге асыра алады.

Аса ауыр қылмыстарға, атап айтқанда адам өлтіру, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қатысты қылмыстар және т.б. қылмыстарды жатқызуга болады.

Аталған қылмыстар бойынша сотталушының кінәлі немесе кінәсіздігін қылмыстық істерге тіркелген барлық дәлелдемелерге, сот отырысында жауап берген сотталушы, жәбірленуші мен куәлардың жауаптарына баға бере отырып сот анықтайды.

**И.ИСМАИЛОВА,**  
Ақтөбе облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

БІР МҮДДЕ

ӘДЕП НОРМАЛАРЫ БҰЗЫЛМАУЫ ҚАЖЕТ

Мемлекеттік қызметшілерге қызметтік әдепті сақтау жөніндегі негізгі талаптар «ҚР мемлекеттік қызметі туралы» заңның 8-тарауында белгіленген. Ал, әдептілік мінез-құлық қағидалары мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінде бекітілген. Әдеп кодексінде белгіленген қағидалар мемлекеттік қызметшінің атқаратын міндетінің маңыздылығына орай ерекше жауапкершілік жүктейді.



Әдеп кодексі – мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебінің стандарттарын белгілейді. Ол қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін және парасаттылық атмосферасын қалыптастыруға, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған.

Бұған қоса, азаматтармен қарым-қатынаста әдептілік таныту, дөрекілік, қадір-қасиетін кемсіту, әдепсіздік және бейәдеп мінез-құлық фактілеріне жол бермеу, өздерінің әрекеттерімен және мінез-құлқымен олардың тарапынан сынға себепкер болмау және іскерлік әдеп пен ресми мінез-құлық қағидаларын сақтау, азаматтардың көз алдында өздері өкілі болып табылатын мемлекеттік органдардың абыройы мен беделіне айқын нұқсан келтіретін әрекеттер жасауға жол бермеу керектігін барлық мемлекеттік қызметшілер білуге міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің әдебі олардың жоғары кәсіби, моральдық-адамгершілік қасиеттері жалпы мемлекеттік қызмет туралы оң көзқарасты қалыптастырады.

Мемлекеттік қызметші өзі қабылдайтын шешімдердің заңдылығын,

әділдігін және ашықтығын қамтамасыз етеді, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға жол бермейді. Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби міндеттері Қазақстан заңнамасында белгіленген нормаларға сәйкес іске асырылады. Мемлекеттік қызметшілер өз қызметінде мемлекеттік саясатты ұстануға және оны дәйекті түрде іс жүзінде асыруға, қоғамның мемлекеттік қызметке, мемлекет пен оның институттарына деген сенімін сақтауға және нығайтуға ұмтылуы тиіс.

Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебіне жоғары талаптар қояды.

Мемлекеттік қызметшілердің сыртқы имиджіне қойылатын талаптар мен сөйлеу мәдениетін қалыптастыру бағытында тиісті талаптар сақталады. Сол себепті, жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстану және қызметтік әдеп нормаларын бұзуға жол бермеу туралы түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

**Аккumus КАРАДЖАЕВА,**  
Сот әкімшілігінің Маңғыстау облысы бойынша департамент басшысы орынбасарының міндетін атқарушы

ТАЛҚЫ. ШІКІР. ҰСЫНЫС

Дәл қазір елімізде жаңа Конституция жобасы жарияланып, талқылану үстінде. Уақыт сұранысын ескере отырып енгізілген өзгерістер, халқымыздың құқықтық еркіндігін қамтамасыз етіп, азаматтарымыздың қоғамдағы қауіпсіздігін қалыптастыруына сенім мол. Конституция – тек заң нормаларының жиынтығы емес. Әр елдің Конституциясы – қоғам дамуының негізгі құндылықтарын, қағидалары мен бағдарларын бекітетін басты құжат.

УАҚЫТ ҚАЖЕТТІЛІГІНЕН ТУҒАН ЖОБА

Жаңа өзгерісте мәтіннің 84 пайызы өзгеріске ұшырады. Яғни, жаңа баптар мен бөлімдер енгізілді. Негізгі заңның құрылымы айтарлықтай өзгерді. Дегенмен, Конституцияның жаңашылдығы, түзетулердің көптігінде ғана емес, ең алдымен оның жаңа тұжырымдамалық мазмұнында.

Жаңа преамбулада, біріншіден, адам құқықтары мен бостандықтары алғаш рет мемлекеттің негізгі басымдығы ретінде жарияланды. Екіншіден, бірлік пен ынтымақ, этносаралық және конфессияаралық келісім мемлекеттілігіміздің негізі ретінде айқындалды. Үшіншіден, соңғы жылдары қоғамдық сананың ажырамас бөлігіне айналған Әділеттілік, Заң мен Тәртіп, табиғатты аялау сияқты құндылықтар алғаш рет бекітіледі. Төртіншіден, алғаш рет Конституцияның кіріспесінде мемлекеттілігіміздің тарихи жолы мен өркениет бастаулары айқын көрсетілді. Яғни, преамбуланың кейбір сөйлемдері ғана ауысып, үтір-нүктесі ғана өзгерген жоқ. Жаңа преамбула өткен тарихи тамырымызды құндылық ретінде айқындап, бү-

гінгі уақыттың негізгі қағидаларын нақты белгілеп, болашаққа бағдар болатын ұстанымдарды бекітіп отыр.

Жаңа Конституция жобасының басты артықшылығы – мемлекет пен қоғамның өзегін «адам және оның құқықтары» принципіне нақтырақ байланыстырып, құқықтық нормалардың дәлдігін күшейтуі. Жобада білім мен ғылым, мәдениет пен инновациялар мемлекеттік дамудың негізгі идеясы ретінде айқын көрсетілген және қолданыстағы конституциядан логикалық айырмашылығы – табиғи, қаржылық, инфрақұрылымдық ресурстарға емес, адами капиталға сүйенетін құқықтық бағдар қалыптастыратыны.

Сонымен қатар, жобада құқықтар мен бостандықты қорғау механизмдерін күшейтіп, құқықтық айқындық принципін нақтылауға басымдық берілгені атап өтіледі. Бұл азаматтың құқықтық қорғалуын арттыруға бағытталады. Қазіргі цифрлық ортаның талаптарына сәйкес, жобаның ерекше жаңалығы – цифрлық трансформацияны конституциялық деңгейде мойын-



дап, азаматтардың цифрлық ортадағы құқықтарын қорғау нормасын алғаш рет бекітуі. Бұл норма – цифрлық кеңістіктегі жеке өмірдің қорғалуы, дербес деректердің қауіпсіздігі, онлайн-қызметтерді пайдалану кезіндегі құқықтық кепілдіктер сияқты шараларға «ең жоғарғы құқықтық күш» деңгейінде қорғаныс қабатын қосыу. Нәтижесінде, электрондық үкімет сервистері, цифрлық сәйкестендіру, мемлекеттік деректер жүйелері және киберқауіпсіздік бойынша талаптар тек ведомстволық ережелермен емес, конституциялық құндылықтармен үйлестіріліп дамуға мүмкіндік алады. Яғни, жеке деректерді қорғау – бүгінде адам құқықтарын қорғаудың жаңа өлшемі ретінде айқындалып отыр. Бұл Конституцияның болашаққа бағытталғанын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, жаңа Конституция келешекте басқа елдер үшін үлгі де, бағдар да болады деген үміт мол.

**Динара БЕККУЖИНА,**  
Ақтөбе қалалық сотының судьясы

САНДЫҚ ЖҮЙЕ

ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ КЕПІЛДІГІ ТӨМЕН

Қазақстанда қылмыстық сот ісін жүргізуді цифрландыру соңғы жылдары жүйелі сипат алды. Тергеу материалдарының электрондық форматқа көшуі, «электрондық қылмыстық іс» жүйесінің енгізілуі, сот отырыстарын қашықтан өткізу тәжірибесінің кеңеюі құқық қорғау қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған институционалдық қадамдар болып табылады.

Цифрлық трансформациямен бірге адамның конституциялық құқықтарын қорғаудың жаңа өлшемдері, әсіресе дербес деректерді қорғау мәселесі қылмыстық процесте құқықтық мемлекеттің шынайы көрсеткішіне айналып отыр.

ҚР Конституциясы жеке өмірге қол сұқпаушылыққа, жеке және отбасылық құпияны қорғауға, хат алмасу мен байланыс құпиясына кепілдік береді. Сонымен қатар «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заң деректерді өңдеудің заңдылық, мақсаттылық және пропорционалдық қағидаларын бекітеді. Қылмыстық іс жүргізу барысында бұл кепілдіктер ерекше маңызға ие, себебі тергеу әрекеттері шеңберінде азаматтардың байланыс деректері, геолокациясы, цифрлық құрылғылардағы ақпарат, қаржылық операциялары, медициналық мәліметтері және биометриялық сипаттағы деректер өңделеді. Мұндай ақпараттардың заңсыз жариялануы немесе рұқсатсыз таралуы адамның абыройы мен қадір-қасиетіне, жеке өміріне тікелей қауіп төндіреді.

Цифрлық дәлелдемелер институтының кеңеюі құқық қолдану тәжірибесінде жаңа құқықтық дилеммаларды туындатуда. Электрондық құрылғыларды алу, серверлерден ақпарат көшіру, мессенджер хаттарын зерттеу

немесе бейнебақылау деректерін пайдалану кезінде процессуалдық нысанның қатаң сақталуы шешуші мәнге ие. Сот санкциясының болмауы немесе дәлелдемені алу тәртібінің бұзылуы мұндай ақпаратты жарамсыз деп тануға негіз болуы мүмкін. Бұл ретте сот бақылауы дербес деректерді қорғаудың басты кепілі ретінде көрінеді. Заңсыз алынған цифрлық дәлелдемелерді алып тастау – тек техникалық процедура емес, ол конституциялық әділеттіліктің көрінісі.

Маңғыстау өңірінің ерекшелігі бұл мәселеге қосымша өлшем береді. Өңірде мұнай-газ саласының, теңіз инфрақұрылымының, стратегиялық нысандардың шоғырлануы, шекаралық және транзиттік факторлар цифрлық ақпарат айналымының жоғары қарқынды қалыптастырады. Қылмыстық істерде корпоративтік деректер, өндірістік қауіпсіздік жүйелерінен алынатын цифрлық ақпарат, бейнебақылау желілерінің материалдары жиі қолданылады. Мұндай жағдайда тек жеке тұлғалардың ғана емес, кәсіпорнын қызметкерлерінің дербес деректері де процессуалдық айналымға түседі. Бұл өндірістік құпия мен жеке өмір құқығының арақатынасын құқықтық тұрғыдан теңгеруді талап етеді. Сонымен қатар өңірде сот процестерін қашықтан өткізу тәжіри-

бесінің кеңеюі, әсіресе шалғай аудандар үшін, деректердің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін өзекті етеді.

Халықаралық тәжірибе цифрлық ортада дербес деректерді қорғаудың қатаң стандарттарын қалыптастырды. Еуропалық кеңістікте деректерді өңдеу пропорционалдық және минимизация қағидаларына негізделеді, ал соттар жеке өмірге қол сұғу фактісін бағалауда тепе-теңдік тестін қолданады. Бұл тәжірибе цифрлық технология мен адам құқықтарының үйлесімділігін сақтауға бағытталған. Қазақстан үшін де қылмыстық процестегі цифрлық реформалар дербес деректерді қорғаудың институционалдық кепілдіктерімен қатар жүруі тиіс. Технологиялық тиімділік пен жеделдік конституциялық құқықтардың әлсіреуіне алып келмеуі қажет.

Цифрландыру кезеңінде қылмыстық процестегі басты сұрақ – «ақпаратты алу мүмкін бе?» деген мәселе емес, «ақпаратты алу қаншалықты заңды және пропорционалды?» деген өлшем болуы тиіс. Дербес деректерді қорғау тек киберқауіпсіздік немесе техникалық инфрақұрылым мәселесі емес, ол құқықтық мәдениет пен сот бақылауының деңгейін айқындайтын индикатор. Сондықтан қылмыстық процесті цифрландыру стратегиясы деректерді қорғаудың нақты процессуалдық кепілдіктерімен, соттардың цифрлық дәлелдемелерді бағалау стандарттарымен және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру шараларымен ұштасуы қажет.

Құқықтық мемлекет жағдайында цифрландыру адамның құқығын шектеудің құралы емес, оны қорғаудың жаңа мүмкіндігі болуы тиіс. Дербес деректердің қорғалуы – тек заң талаптарының орындалуы ғана емес, ол азаматтардың мемлекетке деген сенімінің өлшемі. Маңғыстау өңіріндегі құқық қолдану тәжірибесі де осы теңгерімді сақтауға бағытталған құқықтық саясатты талап етеді. Цифрлық қылмыстық процесс тиімді әрі қауіпсіз болғанда ғана ол әділетті сот төрелігінің шынайы кепілі бола алады.

**Айгүл УТЕНОВА,**  
эл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің докторанты



## КӨЗҚАРАС

# ХАЛЫҚ КЕҢЕСІН ҚҰРУДЫҢ МӘНІ ЖОҒАРЫ

Қазақстанның Конституциясы – мемлекет дамуы мен қоғамдағы сенімді нығайтуға, билік тармақтарының тиімділігін арттыруға, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғауға және әлеуметтік экономикалық дамудың негіздерін күшейтуге бағытталған үлкен қадам болып табылады.

Халық кеңесінің құрылуы – азаматтық қоғам мүдделерін мемлекеттік саясатқа тиімді енгізу үшін маңызды механизм болып табылады. Бұл жаңа

орган заң жобаларын қарауға, қоғамдық пікірді ескеруге және билік пен халық арасындағы диалогты жетілдіруге мүмкіндік береді. Сонымен қа-

тар, құжатта сот жүйесін жетілдіру, құқықтық мемлекет қағидаларын күшейту, Парламенттің өкілеттіктерін нақтылау және билік тармақтарының теңгерімін қамтамасыз ету сияқты маңызды бағыттар айқын көрсетілген. Бұл өзгерістер қоғамдағы тұрақтылықты күшейтіп қана қоймай, құқықтық мемлекет қағидаларын одан әрі нығайтады.

Конституция азаматтардың

құқықтары мен бостандықтарын қорғауды, әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз етуді және қоршаған ортаны қорғауды мемлекеттік деңгейде бекітуге мүмкіндік береді. Бұл әсіресе әрбір аудан тұрғыны үшін нақты пайда әкеледі: тұрғындардың қауіпсіздігі, әлеуметтік қамсыздандыру, әділетті сот төрелігі мен құқықтық қорғау мәселелері Конституция деңгейінде кепілдендірілген. Сондай-ақ, құжатта дәстүрлі отбасы құндылықтары мен ұлттық мәдениетке құрмет басты назарда. Бұл – еліміздің рухани бірлігін сақтауға және әрбір азаматтың мәдениетке, дәстүрге деген құрметін арттыруға арналған маңызды қадам.

Конституция қазақстандықтарға сенім мен тұрақтылық сыйлайды, мемлекет пен қоғам арасындағы өзара түсіністікті күшейтеді және

еліміздің болашағына деген сенімді арттырады. Бұл реформа – еліміздің құқықтық, әлеуметтік және экономикалық дамуына жаңа серпін беріп, қоғамның бірлігін қамтамасыз ететін стратегиялық негіз болып табылады. Конституцияға енгізілетін өзгерістер еліміздің барлық аймақтарына, соның ішінде біздің ауданымызға да нақты жағымды әсерін тигізетіні сөзсіз. Осы тұрғыдан алғанда, Конституцияның жаңа редакциясы – елдің тұрақтылығын, құқықтық мемлекет қағидаларын және қоғамның дамуын нығайта отырып, әрбір азамат үшін сенімді болашақ кепілі болмақ.

**Р.САЛИКОВА,**  
**Маңғыстау аудандық соты**  
**әкімшісінің басшысы**  
**МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ**

## ЖАРНАМА

### ТАРАТУ

4. «EcoServ» ЖШС (БСН 170540028358) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Гагарин көшесі, 2/2 үй, 72-пәтер.

5. Ауыл шаруашылық өндірістік кооперативі «Сарытерек өнімдері» (БИН 170440031790) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Сарытерек ауылдық округі, Сарытерек ауылы, Сарыөзек көшесі, 9-үй, 1-пәтер, мекенжайы бойынша қабылданады. Тел. 8 747 382 91 73.

6. «Система бизнес-информации Kasip.kz» ЖШС (БСН 150340000535) (Алматы қаласы, 050026, Алмалы ауданы, Байғанин көшесі, 26-үй, 11-пәтер) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Керемет ықшамауданы, 3/1.

7. «МКҰ Bravo Business» ЖШС (БСН 200940035066) күнтізбелік 60 (алпыс) күн өткеннен кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне микроқаржы қызметін жүзеге асыру лицензиясының қолданысын тоқтату туралы ерікті түрде өтініш жазғанын хабарлайды. Барлық сұрақтар бойынша осы мекенжайға хабарласыңыз: ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 33-ғимарат. Тел. +7 707 559 08 08.

11. «Gem international group» ЖШС (БСН 230440005735) (ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төреқұлов көшесі, 71-үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Төле би көшесі, 83-үй, 810-кеңсе, БЦ Ambassador, тел. +7 777 779 57 41.

15. «Керімхан-2019» ЖШС (БСН 190740030965) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Отырар ауданы, Қарақоныр ауылдық округі, Арыс ауылы, У Ильясов көшесі, 29-үй, индекс 160705.

16. «Марат-2026» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 260240012677) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Қызылқұм ауылы, Бейбітшілік көшесі, 6В үй, индекс 160537.

17. «Sinon komplekt» ЖШС (БСН 150540021208) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, 11-шағынауданы, 25-үй, 4-пәтер. Тел. 87017665976.

18. «КАЦО Плюс» ЖШС (БСН 210540033493) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 120а үй. Тел. +77753837431.

19. «КАЦО Групп» ЖШС (БСН 201140012477) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 120а үй. Тел. +77051283928.

20. «ANSAR\_OMAR» ЖШС (БСН 181040030940) өзінің таратылғандығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Самал шағынауданы, 32-үй, 4-пәтер. Тел. 87761515919.

## ӘРТҮРЛІ

8. «ВИМЕА» ЖШС (БСН 940540000092) өзінің «Elite Elegance» ЖШС-не (БСН 060540000266) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатынын хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Рысқұлов даңғылы, 63-үй.

9. «Elite Elegance» ЖШС (БСН 060540000266) өзіне, «ВИМЕА» ЖШС (БСН 940540000092) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатынын ха-

барлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Рысқұлов даңғылы, 63-үй.

12. Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2026 жылғы 12 ақпандағы ұйғарымымен «ONNIlogistic (Оннилогистик)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (БСН 220440001999) қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы іс жүргізу қозғалды. Талап-арыздар мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Шыңғыс Айтматов көшесі, 77/6-үй, «Kolsai» тұрғын үй кешені, 163-пәтер. Тел. +7 776 609 99 44.

### 2. Жеке бас гигиенасы – вирустық гепатит А-дан сақтанудың басты жолы

Вирустық гепатит А – бауырды зақымдайтын жұқпалы ауру. Оны медицинада кейде «лас қол ауруы» деп те атайды. Аурудың қоздырғышы – А гепатиті вирусы, ол көбінесе жеке бас гигиенасын сақтамау салдарынан таралады. Сондықтан бұл дерттің алдын алудың ең тиімді жолы – тазалықты сақтау.

Вирустық гепатит А қалай жұғады?  
Вирустық гепатит А көбіне:  
● жуылмаған қол арқылы;  
● қайнатылмаған немесе ластанған су арқылы;  
● дұрыс жуылмаған көкөніс пен жеміс-жидек арқылы;  
● санитарлық талаптар сақталмаған тағам арқылы жұғады.  
Әсіресе мектеп жасындағы балалар арасында жиі кездеседі, себебі олар кейде қол жуу ережелерін сақтай бермейді.

Аурудың белгілері  
Гепатит А-ның негізгі белгілері:  
● дене қызуының көтерілуі;  
● әлсіздік, тәбеттің төмендеуі;  
● жүрек айну, құсу;  
● іштің оң жақ қабырға астындағы ауырсыну;  
● тері мен көздің ағыншы сағанағы;  
● зәрдін қарайып, нәжістің ағаруы.  
Осындай белгілер байқалған жағдайда дереу дәрігерге қаралу қажет. Жеке бас гигиенасының маңызы  
Вирустық гепатит А-ның алдын алуда жеке бас гигиенасын шешуші рөл атқарады. Атап айтқанда:  
1. Қолды жиі және дұрыс жуу  
2. Дәретханадан кейін, тамақ ішер алдында, сырттан келген соң қолды сабынмен мұқият жуу қажет.  
3. Таза су пайдалану. Ішуге тек қайнатылған немесе тазартылған суды қолдану керек.  
4. Жеміс-жидек пен көкөністі жуу  
5. Тағамға пайдаланар алдында оларды ағын сумен жақсылап шаю қажет.  
6. Жеке заттарды ортақ пайдаланбау  
7. Сүлгі, ыдыс-аяқ сияқты жеке заттар әр адамда жеке болуы тиіс.  
8. Балаларды тазалыққа үйрету  
9. Ерте жастан бастап балаларға қол жуу мәдениетін қалыптастыру маңызды.

Вакцинация – қосымша қорғаныс  
Қазіргі таңда вирустық гепатит А-ға қарсы тиімді вакцина бар. Екпе аурудың алдын алудың сенімді тәсілдерінің бірі болып табылады. Әсіресе балалар мен қауіпті аймақта тұратын адамдарға вакцина салдыру ұсынылады.  
**Қорытынды**  
Вирустық гепатит А – алдын алуда болатын ауру. Оның таралуының басты себебі – жеке бас гигиенасын сақтамау. Сондықтан әр адам қарапайым тазалық ережелерін ұстану арқылы өз денсаулығын және айналасындағы адамдардың саулығын қорғай алады. Тазалық – денсаулық кепілі.

**ҚР ДСМ СЭБК «УСО» ШЖҚ РМК**  
**«Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы»**  
**филиалының Шардара аудандық**  
**дезинфекциялық секторының нұсқаушы лезинфекторы**  
**Е.Н.Косанов**

13. «Samgau Group-2050» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 080740002194) орналасқан жері: Қызылорда қаласы, өзінің «S&S service» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (БСН 171040021612) орналасқан жері: Маңғыстау облысы, Қаракыя ауданы, Құрық ауылы, 3А шағынауданы, 43-үй, қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Қайта ұйымдастыру мемлекеттік тіркелгеннен кейін «Samgau Group-2050» ЖШС-нің барлық құқықтары мен міндеттері құқықтық мисарқорлық тәртібінде «S&S service» ЖШС-не өтеді. Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде қабылдаушы серіктестіктің орналасқан жері бойынша (Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 6-шағынаудан, 2-әкімшілік ғимарат, 309-кабинет) қабылданады.

21. «Алматы қаласы, Байтұрсынұлы көшесі, 104 мекенжайында орналасқан қонақ үй кешенінің құрылысы» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 31 наурызда сағат 11.00-де Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Байтұрсынұлы көшесі, 104 «Renion Zylila Hotel» қонақ үйі ғимаратының жанындағы мекенжайда өтеді. Барлық ақпаратты мына телефон арқылы ала аласыз: 8 777 244 11 22, e-mail: akhmetkulbaev@gmail.com.

### ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: (727)292-43-43  
8 (708) 929-98-74  
E-mail:  
zanreklama@mail.ru

### ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖҚ, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолың көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кенсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»  
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.  
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509  
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«КАИРОС» ЖҚ, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖҚ «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кенсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.  
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖҚ «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖҚ «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7172) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖҚ, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖҚ «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖҚ, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖҚ «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖҚ Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби, 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖҚ Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖҚ Тажимаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, КХО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖҚ Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖҚ «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру), Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖҚ «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

3. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ДСБ» КММ «Облыстық жедел медициналық көмек орталығы» ШЖҚ КМК (бұдан әрі - кәсіпорын) Байқау кенесінің мүшелері іріктеу бойынша конкурсы жариялайды. Кәсіпорын денсаулық сақтау саласындағы медициналық қызметті жүзеге асырады. Кәсіпорынның мекенжайы: СҚО, Петропавл қаласы, Ульянов көшесі, 98, тел. 8 (7152) 46-14-71.

Кандидаттарға қойылатын талаптар жоғары білімінің, сондай-ақ келесідей талаптардың біреуінің болуын қамтиды:

1) денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның қызметінің профилі бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің болуы;

2) денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның қызметінің профилі бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 3 жыл басшылық лауазымында жұмыс өтілінің болуы;

3) денсаулық сақтау саласындағы қоғамдық бірлестіктерде немесе ұйымның және (немесе) экономиканың/қаржының және (немесе) бизнестің және (немесе) құқық бойынша;

Кандидат осы хабарландыру жарияланған күннен бастап, 30 күннің ішінде мына мекенжай бойынша: Петропавл қаласы, Театральная көшесі, 56А, 17-кабинетке төмендегі құжаттарды тапсыру тиіс:

- конкурсқа қатысу туралы өтінім;
- мемлекеттік тілде және орыс тілінде түйіндеме;
- ерікті түрде жазылған өмірбаяны;
- кандидаттың жеке басын растайтын жеке куәлігінің көшірмесі;
- жоғары білімі туралы құжаттардың көшірмесі;
- Еңбек кітапшасының (бар болған жағдайда) немесе соңғы жұмыс орнындағы еңбек келісімінің көшірмесі;
- ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы мен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының жоқтығын растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы білімі, жұмыс өтілі, кәсіби деңгейі жөніндегі қосымша ақпаратты (біліктілікті арттыру туралы құжаттардың көшірмелерін, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру туралы құжаттарды, ғылыми жарияланымдарды, алдыңғы жұмыс орнынан берілген ұсынымдарды) ұсына алады.

Кандидат конкурсқа қатысуға арналған өтінімінің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгі қойып, конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертке кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Одан кейін ол конверт сыртқы конвертке салынып, мөрленеді. Ішкі және сыртқы конверттер мынадай талаптарға сай болуы тиіс:

- тиісті саладағы тиісті органға Петропавл қаласы, Театральная көшесі, 56А, 17 кабинет мекенжайына жіберілуі тиіс.

«Байқау кенесі мүшелерінің конкурсы мемлекеттік кәсіпорынның Байқау кенесінің мүшелері» және «2026 жылғы 26 наурыз сағат 17.00-ге дейін «Ашпаныз» деген сөздерді қамтуы тиіс.

Конкурстық өтінім мемлекеттік және орыс тілінде бір данадан жіберіледі. Байқау кенесінің мүшелері іріктеу бойынша конкурсы 2026 жылғы 30 наурыз сағат 17.00-де төмендегі мекенжайда өткізіледі: Петропавл қаласы, Театральная көшесі, 56А, 17-кабинет. Анықтама телефоны: 8(7152)-46-94-91.

14. «СҚО Уәлиханов ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ (БСН 980840002344) өзінің қайта ұйымдастырылатынын, яғни «Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ жанынан «Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ бөліп шығару жолымен қайта құрылатынын хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Солтүстік Қазақстан облысы, Уәлиханов ауданы, Кішкенекөл ауылы, Ш. Уәлиханов көшесі, 82-үй.

## МҰРАҒЕРЛІК

10. Жаңаөзен қаласының жеке нотариусы Демегенова Набат Джаумитбаевна, 9.01.1927 жылы туылған, 2017 жылы 21 наурызда қайтыс болған Весербаева Рапштің артынан мұралық іс ашылуына байланысты, осы қайтыс болған адамның мұрагерлеріне іздеу салады. Мұрагерлерге Жаңаөзен қаласы, Самал шағынауданы, 1/2 үй, 20 кенсеге хабарласуыңызды сұрайды.

22. 2026 жылдың 23 қаңтарында қайтыс болған азаматша Сундетбаева Бибигүлдің артынан Атырау нотариалдық аймағының нотариусы Камзалиева Роза Тлеккабыловнада мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мұраны қабылдау үшін төмендегі мекенжайға хабарласулары сұралады: Атырау қаласы, Мұса Баймұханов көшесі, 41А үй, тұрғын емес бөлме 16, тел. 8(701) 222 7274.

**БАЙҚАУҒА!**

(Жалғасы. Басы № 13-санда)

**V TAPAU**

**ҚАРБЫЗ ҚАБЫҒЫНДАҒЫ ДАҚ**

Кеш түсе Келестің аспаны қайтадан тұнжырады. Шілденің қапырығы басылса да, ауыл үстін бір түсініксіз тынымсыздық билеп алғандай. Үйлердің арасымен ақырын сырғи жүріп, Абылай бейне бір көрінбейтін сызықтарды, үнсіз сөйлемдерді оқуға тырысқан кісідей, жан-жағын қалт жібермей бақылайды.

Бүгін ол Динара мен Берік тұратын үйге қайта кірді. Тергеу рұқсаты алынған. Есікті ашқан сәтте мұрынға сол баяғы ылғалдың иісі мұңқ етіп келді. Ағаш еден – сәл дірілдейді, қабырғада – ақшыл дақтар. Қолына резеңке қолғап киіп, бөлмеге жаймен көз жүргізті.

Асудің үстелінде кепкен шай дағы, қабырғада ілулі қалған перде. Тоңазытқыш бос, бірақ мұздатқыш бөлімінде пластик қорап тұр. Абылай ашып қарады – ештеңе жоқ. Бірақ төменгі сөреде... кесілген қарбыз қабығы жатыр. Қатты иістеніп кеткен.

Тергеуші сол сәт сәл кідірді. «Қарбыз... Динараның айтуынша, сол түні қарбыз жеп отырған. Бірақ бұл нәліктен әлі осында жатыр? Егер біреуді өлтірген болса, неге дәлелді тазаламаған?... Әлде әдейі қалдырды ма?»

Қабықтардың біреуінде жұққан қан дағын көрді. Абылай дереу криминалист шақыртты.

**ТЕЛЕФОННАН ТАБЫЛҒАН «ОЛЖА»**

Осы уақытта сарапшы Динараның телефонынан алынған деректерді талдап отырды. Абылай оған арнайы тапсырма берген – TikTok, мессенджер, жойылған хабарламалар, жазбалар. Сарапшы жымиды:

– Қызық дүние шықты, аға. Міне, қараңыз.

Экранда ашылған жазба – дауыс арқылы жазылған қысқа күнделік:

«...кейде Берік мені тұншықтырып жатқандай болады. Айқайлап оятам өзімді. Ол қатты қызғанады. Тіпті, көшеде қарап қалған адамға ашуланады. Бірақ мен де адаммын ғой. Бір рет болсын күлкім қатты шықса, соны кешірмейді. Шыдамым шегіне жетті... Бір күні болмаса, бір күні бір сұмдық болатын сияқты...»

Датасы – оқиғаға бір апта қалғанда. – Бұл не? – деді Абылай, біртүрлі үнмен.

– Дауысы – Динараныкі. Бұл – жасырын түрде сақталған естелік-бейне. Арнайы қалтада, құпия сөзбен. Қарапайым адам байқамайды.

Тергеушінің ішкі түйсігі дүр сілкінді. Ол бұл сөздердің шындығына емес, айту мәнеріне зер салды. Динара бұл жазбаны жазғанда әлдебір дайындықпен, ойға алып айтқандай. Көңілі толмастан басын шайқады.

«Бұл – куәлік емес. Бұл – рұқсат іздеген ақтау ғана.

Сол түні криминалист хабарласты. – Аға, қарбыз қабығынан адамның қаны табылды. Бірақ бір қызығы, ол ер адамның емес... әйелдікі. Өзірге сәйкестендіру үстіндеміз.

Абылай түрегеп кетті. – Қалайша?

– Мүмкін пышақпен өзіне жарақат салған. Бірақ бір қабықта екінші, бөтен қанды із бар – толық талдау керек.

Абылай бір сәт ойланып тұрып қалды.

«Егер бір сәтке өзін пышақтап алды десек... Нәліктен кейін бөлшектеуге көшкен? Аяусыздық – өзге сипат. Мұның бәрі бір мезетте шешіле салмайды».

**ТЕРГЕУШІ ТҮЙСІГІ**

Келесі күні ауылдың бір шетіндегі бейнебақылау камерасы қаралды.

Онда түнгі 1:15 шамасында Динараның өзі көше бойымен сөмке сүйреп бара жатқаны анық көрінді. Иә, үлкен қара сөмке. Қолында қолғап. Жан-жағына қарағыштайды. Бұл – ешкімге айтпаған, тергеуде жасырып отырған сәт.

– Ол бұл сөмкені тек таңертең көршіге бергенмін деді ғой, – деді Абылай дауыстап.

Ол баяу орнынан тұрып, әлдеқайда асықты.

**VI TAPAU**

**«ОЛ ӨЗІ КІНӘЛІ ЕДІ...»**

– Қанша уақыт өтсе де, кей сөздің дәмі аузынан кетпейді, – деді Абылай ішінен.

Қарсы алдында Динара қолындағы қаламды баяу айналдырып отыр. Үстел үстінде: фотосуреттер, сараптама қорытындысы, бейнежазбалар, қан дағы бар қарбыз қабығының суреті.

– Сіз сөмкені Бақытжанға бердіңіз... Сенбі күні... түнде... Бірақ дәл сол түні мына жерде кім жүр?

Жанарын «кім жүр, қайда?» деген қорқыныш билеген ақырын орнынан тұрып, тергеушіге жақындады. Ауыл-

Ол көзін жыпылықтатты. Қараған сайын көз алдына қайта-қайта сол кеш келетіндей.

– Ол менің өмірімді қор қылды... – деді. Абылай елең ете қалды. Сөйтті де, дереу диктафонын қосты.

– Ол менің әр кадамымды аңдыды. TikTok қарап отырсам да, «бөтенмен сөйлестің» дейді. Телефонды күнде тексереді. Шаршадым, түсінесіз бе? Мен жаспын ғой? Әлеуметтік желі қарағым келеді. Блог жүргізім келеді. Ондағы жұрттың өміріне қызықтым. Тым құрыса, бақытты адамдарды сол жақтан бақылайыншы деп едім... Ол соның өзін көп көрді ғой. Телефон алсам болды, ашуланып, айғайлап, лақтырып, сындырып тастайтын. Мен қайтадан жаңасын несиеге алатымын. Одан тығып... Бір күні айнаға қарап тұрып, өзімді танымай қалдым. Бұрын сұп-сұлу, жайнап тұрған қыз едім, қарсы алдымда көзіңіз оты сөнген тірі өлік тұрды...

Абылай үндемеді. Оның тәжірибесі бойынша, адам шындықты дәл осылай айта бастайды.

– Сол күні... Ол жұмыстан кеш келді. Ыстық. Шаршап отырдық. Мен қарбыз жардым. Ол оны жақсы

үйге жайылды. Терезені аштым. Бірақ иіс кетпеді...

– Сол үшін... бөлшектеуге кірістіңіз? – Мен тек... не істерімді білмедім. Жазаласа, меілі. Бірақ мен өзімді ғана қорғадым...

\*\*\*

Абылай тергеу бөлмесінен шығып келе жатып, терең дем алды. Осы сәт – тергеушінің ең ауыр сәті. Себебі шындықтың өзі де жартылай өтірікке ұқсап кететін еді.

– Ол шындықты айтты ма? – деді Мақсат бір қырынан қарап.

– Айтты. Бірақ бәрін емес. Ол пышақтаған сәт – мүмкін шынымен өзін қорғандым деп есептеген. Бірақ денені бөлшектеу – бұл қорғану емес. Бұл – жазадан құтылудың әрекеті. Ол алдын ала ойластырмаса да, бір сәтте шешім қабылдаған. Бұл шешім – адам өлтіргеннен де ауыр.

– Қызық, – деді Мақсат. – Не үшін қарбызды сонша еске алды? Абылай өз жымнып қойды...

**VII TAPAU**

**АЛҒАШҚЫ СОТ ОТЫРЫСЫ**

Сот процесі ашық өтті. Қызулығы көп болды. Аудан орта-

алмайды. Себебі оларды қоғам кінәлайды. Динара қорғанды. Бұл – жан сақтау әрекеті.

Бірақ сол сәтте залда отырған жасы елуден асқан әйел орнынан тұрды. Бұл – көрші үйдің иесі, көп сөйлемейтін, бірақ байқағыш Жәмила апай еді.

– Мені тыңдаңыздар, – деді ол сәл қалтыраған дауыспен. – Сол түні... мен бір ер адамның дауысын естігенмін. Динараның үйінен. Берік емес. Өтініш, мені дұрыс түсініңіздер... Динара ол кезде жалғыз болған жоқ.

Залда сыбыр көбейді. Абылай да бірден түрегеліп:

– Сіз дауысты таныдыңыз ба?

– Жоқ. Танымадым. Бірақ ол дауыс – басқа. Әлдебіреу көмектескен сияқты. Түн ішінде аула жағында да көленке көрдім...

Бұл мәлімет бәрін тоқтатып тастады. Сот үзіліс жариялады. Абылай залдан асыға шығып, Мақсатқа бұрылды:

– Динара... жалғыз болмаған болуы мүмкін. Бұл тергеу жабылмауы керек. – Сонда біз қателестік пе?

– Жоқ. Біз тек бар шындықты әлі ашқан жоқпыз.

**VIII TAPAU**  
**ЕКІНШІ ІЗ**

Абылай Шымкентке қайтып оралған соң, іс біршама тынышталып қалғандай еді. Бірақ Жәмила апайдың сөзі ойынан кетпеді. «Ол жалғыз болған жоқ... Басқа дауыс... Көленке...»

Кешкі уақыт. Абылай кабинетінде сары папкасын қайта ашып қарап отыр. Тергеу материалы: фотолар, сараптама, хаттамалар. Қараған сайын көзі бір жерге қайта-қайта түседі – сөмкенің сырты. Үсті сәл жұртылған, бірақ соған әлі мән берілмеген. Бір шетінен кішкентай қоңыр дақ... Жай ғана батпақ па, әлде?

– Мақсат, – деді Абылай, телефон тұтқасына қол созып. – Маған сарапшыны жібер. Сөмкенің сол жақ жиегінде не із қалғанын толық тексерсін. Саусақ ізін де, ДНК-ны да.

– Біз оны қарағанбыз ғой.

– Қайта қарасын. Бұл жолы аса мұқият. Әсіресе – бөтен адамның ізі бар ма, соны.

Екі күннен соң, хаттама келді. Сарапшының жазуы:

«Сөмкенің бауында әйел адамның саусағы ғана емес, ер адамға тиесілі екінші бір саусақ ізі анықталған. Із базада жоқ. Бірақ дәл сол із – сөмкені бірге ұстағанын айғақтайды».

Абылай сәл жымнып қойды. «Солай ма, Динара... сен жалғыз болмағансың».

**IX TAPAU**  
**ҮНДЕМЕУ СЫРЫ**

Абылай Динараны қайта шақыртты. Бұл жолғы тергеу – қысқа да нұсқа.

– Сөмкені жалғыз өзіңіз көтердіңіз бе?

Динара бір сәт ойланып қалды. Көзқарасы баяулап, тістеніп:

– Иә. Өзім.

– Сараптама өтірік айтпайды, Динара. Сіз қазір өз ісіңізді шешелістіріп жатсаңыз. Сөмкені бір ер адаммен бірге ұстағансыз. Із соның қолынан қалған.

Манадан бері сазарып тұрған келіншек жылап жіберді:

– Мен бәрін өзім жасадым. Ол көмектескен жоқ.

– Кім ол?

– Жоқ. Ешкім жоқ.

– Егер жалған мәлімет бергеніңіз дәлелденсе, жыл арқалайсыз тағы.

– Қанша айып қоссаңыз да, мен бәрібір өзім жауап берем. Себебі мен оны, қорғап қалғым келеді.

Абылай үнсіз қалды. Бұл әйел ішкі шешімін әлдеқашан берік бекітіп қойған. Бірақ бір шындық анық еді: біреу көмектескен. Ол адам – қазір бостандықта және қылмыс орнында болған.

**Мариям ӘБСАТТАР**  
**ТҮРКІСТАН**

(Жалғасы бар)

**ҚАРБЫЗ ДӘМІ**



дағы дүкеннің маңынан өтіп бара жатқан өзін көрді де, сілейіп тұрып қалды. Сонда да сыр бермеуге тырысты.

– Бұл ма... білмеймін... кім екен?..

– Мынау – сіздің күйеуіңіздің ескі плашы ғой. Мынау – сіздің сөмкеніңіз. Ең бастысы – сіздің жүрісіңіз.

– Жоқ, мен... Мен... емеспін ол...

– Динара, біз бәрін анықтадық. Қолымызда бұлтартпас айғақ, дәлелдер де жеткілікті. Сөмке ұстап барса жатқан – сізсіз. Ішінде – адамның денесі. Енді соңғы сұрақ: сіз Берікке не істедіңіз?

Динара тіл қатпады. Бірақ оның нығы дір-дір етіп, көзінен аққан жас – үнсіз шындықты мойындап тұрғандай еді. Кенет, сонша уақыттан бері көмейіне тығып келген өксігі ішіне сыймай, келіншек пыңғырып жылап жіберді

– Мен... Мен оны өлтіруді ойлаған жоқпын! Шын айттайын, Құдай қосқан қосағым ғой. Осылай сүйегін қоқысқа тастаймын деп үш ұйықтасам ойыма кірмейтін. Мен... тек өзімді қорғағым келді. Мен... мен оны тек қорқытқым келді...

– Бірақ үш жерден пышақтапсыз. Денесін бөлшектепсіз. Қорқыту мұндай болмайды, Динара.

көретін. Екеуіміз үнсіз жеп отырғанбыз. Кейінгі кездері арамызда әңгіме де таусылған. Тек үнсіз шай ішеміз, үнсіз... бәрі үнсіз болды... Мені сол үнсіздік те шаршатты... А, иә... мен қарбыз жеп отырған кезді айтып отыр екенмін ғой... Бір кезде телефонымнан видео шықты – өзім бұрын түсірген TikTok. Күлкілі видео... Бірақ ол бірден ашуға басты. «Сен кімге көрсетіп жүрсің өзіңді?!», – деп айқайлады. Қолындағы төрелкені лақтырып жіберді.

– Содан кейін?

– Пышақ алды. Үстел үстінде жатқан еді. Мен орнымнан тұра бергенде, бетіме қарай сермеді. Қолымды қойып үлгердім. Бір сәтте... қолынан тартып қалдым. Ол маған қайта тап берді. Сол сәтте қолымда тұрған пышақ... Өзім де білмей қалдым қалай болғанын. Сол сәт – көз алдымда. Ол шалқалап құлап түсті.

– Қан тоқтамады ма?

– Иә. Мен тұрып алып, оятуға тырыстым. Бірақ ол демалмай жатты... Қорықтым. Есімнен айырылып қала жаздалым. Бір сәтте, бәрі бұлыңғыр. Ешкімге айта алмадым. Қан иісі бүкіл

лығына жақын жердегі сот залында ине шаншар орын жоқ. Журналистер, ауыл тұрғындары, марқұм Беріктің туыстары, таныстары... Әркім өз шындығын іздеп келген еді...

Динара ғана бұрынғыдан өзгерек. Бір қызығы, ажарланып кеткендей ме?.. Әлде, Абылайға солай көрінді ме... Бәлкім, бұл оның бет-жүзінен қорқыныш табы кеткеннен, үстінен ауыр жүк түскеннен шығар... Жанарында бір тыныштық орнаған. Көзінде жас жоқ, керісінше болғанға бекіп алған. Бейне, алыс сапарға аттанғалы тұрған адамдай...

Прокурор оқиғаны қатыгездікпен жасалған, алдын ала ойластырылған қылмыс деп таныстырды. Қанша жерден қорғаныс сылтау айтылса да, әрекеттің соны – денені бөлшектеу – бұл есептелген, суыққандылықпен жасалған іс екенін айтып өтті.

Сөз кезегі өзіне келгенде адвокат оған қарсы уәж айтты:

– Айыпталушы – жүйелі зорлық-зомбылық құрбаны. Оның бірнеше рет тұрмыстық қысымға ұшырағанын дәлелдейтін деректер бар. Құрбандардың көпшілігі дер кезінде көмек сұрай

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

**Астана** Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.  
**Алматы облысы** Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.  
**Ақтөбе облысы** Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.  
**Атырау облысы** Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.  
**Маңғыстау облысы** Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.  
**Қызылорда облысы** Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.  
**Түркістан облысы** Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.  
Шадиар Мекенбайұлы 87757335665  
**Батыс Қазақстан облысы** Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.  
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz  
**E-mail: zanreklamaastana@mail.ru**  
«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.  
**Жеке таралым 6542 дана**  
**Апталық таралым 13084 дана**  
Тапсырыс №929 Индекс 65921  
**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31